

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

«МАҚСАТ» ОРАЛ ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» ЖМ



«БЕКІТІЛДІ»

Колледж директоры

_____ Берген М.К.

*Педагогикалық кеңес отырысында
қаралды және талданды
(хаттама № 1 «31» 08. 2023)*

**АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІНЕ АҒЫМДАҒЫ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУ,
АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУҚАҒИДАЛАРЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІНЕ АҒЫМДАҒЫ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУ, АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУҚАҒИДАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Білім беру ұйымындағы (бұдан әрі-Колледж) осы «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығы негізінде әзірленді.

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылды:

1) біліктілік емтиханы-теориялық және практикалық даярлықтың, тәжірибенің және құзыреттілігінің жеткіліктілігін, олардың біліктілік талаптарға сәйкестігін бағалау және деңгей тағайындауды объективті айқындауға мүмкіндік беретін рәсім;

2) біліктілік комиссиясы-техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушыларына бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульдерді игеру қорытындылары бойынша жұмыс біліктілігін беру рәсімін жүргізу үшін құрылатын алқалы орган;

3) білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың бір оқу пәнінің және (немесе) модульдің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын, сондай-ақ, бір біліктілік шеңберіндегі кәсіби модульдерді зерттеу аяқталғаннан кейін меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

4) білім алушыларды қорытынды аттестаттау-білім алушылардың оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;

5) білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау-пәннің және (немесе) модульдің оқу бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабақтарда оқытушы жүргізетін білім алушылардың білімін жүйелі тексеру;

6) қорытынды аттестаттау комиссиясы – колледж түлегін қорытынды аттестаттаудан өткізу үшін құрылатын алқалы орган.

2. Білім алушыларға ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау жүргізу

2.1. Пәндер және (немесе) модульдер бойынша олар бойынша практикалық және семинарлық сабақтар болмаған кезде ағымдағы бақылау оқытушының оқу бағдарламасында көзделген міндетті бақылау жұмыстарын (жазбаша тапсырмаларды, рефераттарды) тексеру жолымен жүзеге асырылады.

2.2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін пәндер және (немесе) модульдер бойынша үлгерімді ағымдағы бақылау психофизикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

2.3. Міндетті бақылау жұмыстары болмаған кезде оқу жоспарына сәйкес дәріс курсымен шектелетін пәндер және (немесе) модульдер бойынша үлгерімді ағымдағы бақылау жүзеге асырылмайды. Мұндай пәндердің және (немесе) модульдердің тізбесін білім беру ұйымдарының алқалы органы айқындайды.

2.4. Пәндердің және (немесе) модульдердің тізбесін және білім алушыларды аралық аттестаттаудан өткізу нысанын колледж жұмыс оқу жоспарларына сәйкес белгілейді және оқу жылының басында оқу-тәрбие процесінің кестесіне енгізіледі.

2.5. Жалпы білім беретін пәндер бойынша аралық аттестаттау: тіл, әдебиет, Қазақстан тарихы, математика және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын таңдау бойынша емтихандар өткізуді көздейді.

2.6. Колледжде білім алушыларды аралық аттестаттау жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес практика, сынақтар және емтихандар бойынша есептер нысанында жүзеге асырылады.

2.7. Егер ағымдағы семестрдің оқу жоспарында осы пән және (немесе) модульдер бойынша емтихан немесе қорытынды сынақ түрінде аралық аттестаттау көзделмесе, сынақтар келесі семестрге ауысатын пәндер және (немесе) модульдер бойынша жүргізіледі.

2.8. Білім алушыларды аралық аттестаттау материалдары әрбір оқу пәнінің және (немесе) модульдің жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламалары негізінде жасалады.

2.9. Білім алушыларды аралық аттестаттауға дайындық кезеңінде консультацияларға бөлінген уақыттың жалпы бюджеті есебінен консультациялар өткізіледі.

2.10. Аралық аттестаттауды емтихан түрінде өткізу үшін білім алушылар сессияға 2 ай қалғанда дайындалуы тиіс:

- 1) емтихан билеттері (емтихан бақылау тапсырмалары), тест тапсырмалары, ситуациялық тапсырмалар;
- 2) емтиханда пайдалануға рұқсат етілген көрнекі құралдар, анықтамалық сипаттағы материалдар, нормативтік құжаттар және техника үлгілері;
- 3) оқу және технологиялық карталар;
- 4) спорт залы, жабдықтар, мүкәммал;
- 5) емтихан ведомосі.

2.11. Аралық аттестаттауды (емтихандар мен сынақтарды қабылдауды) осы пән оқытушысы және (немесе) модульдер бойынша семестр ішінде оқу сабақтарын өткізген оқытушылар немесе колледж бас директорының тапсырмасы бойынша осы пәннің және (немесе) модуль бейініне сәйкес біліктілігі бар оқытушы жүзеге асырады.

2.12. Аралық аттестаттауға әрбір пән және (немесе) модуль бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес барлық практикалық, зертханалық, сынақтарды толық орындаған және ағымдағы білім есебінің нәтижелері бойынша қанағаттанарлықсыз бағалары жоқ білім алушылар жіберіледі. 1-2 пәндер және (немесе) модульдер бойынша қанағаттанарлықсыз бағалары бар білім алушылар колледж директорының рұқсатымен, ал екіден артық қанағаттанарлықсыз бағалары бар білім алушылар – педагогикалық кеңестің шешімімен емтиханға жіберіледі.

2.13. Тапсырманы орындау үшін аралық аттестаттауды өткізу кезінде емтихан билеттері бойынша:

* ауызша емтиханға әр білім алушыға 25 (жиырма бес) минуттан аспайтын уақыт бөлінеді;

* тестілеуге әр сұраққа 1,5 минут бөлінеді;

* жазбаша тапсырмаға 2 сағаттан артық емес.

Жазбаша (тест тапсырмалары) емтихан жұмыстары білім беру ұйымының мөртаңбасы бар қағазға орындалады.

2.14. Аралық аттестаттауды (емтихандар мен сынақтарды) өткізу кезінде колледж бас директорының рұқсатынсыз (оқу, әдістемелік жұмыс жөніндегі басшының орынбасарынан және пәндік-циклдік комиссия төрағасынан басқа) бөгде адамдардың болуына жол берілмейді.

2.15. Ауруы бойынша немесе басқа да дәлелді себептер бойынша аралық аттестаттаудан өтпеген білім алушыларға директордың ТЖ жөніндегі орынбасары колледждің Бас директорының бұйрығымен бекітілген оларды тапсырудың жеке мерзімдерін белгілейді.

2.16. Емтихан тапсыру кезінде білім алушылардың білімін бағалау цифрлық бес балдық жүйе бойынша жүргізіледі: (5-"өте жақсы", 4-"жақсы", 3-"қанағаттанарлық", 2-"қанағаттанарлықсыз").

2.17. "Қанағаттанарлықсыз" (есептелмеген) бағаны алған кезде емтиханды қайта тапсыруға бір пән және (немесе) модуль бойынша бір реттен артық емес рұқсат етіледі.

2.15. Сырқаты бойынша немесе басқа да дәлелді себептер бойынша аралық аттестаттаудан өтпеген білім алушыларға директордың ОІЖ жөніндегі орынбасары колледж бас директорының бұйрығымен бекітілген оларды тапсырудың жеке мерзімдерін белгілейді.

2.16. Емтихан тапсыру кезінде білім алушылардың білімін бағалау цифрлық бес балдық жүйе бойынша жүргізіледі: (5-"өте жақсы", 4-"жақсы", 3-"қанағаттанарлық", 2-"қанағаттанарлықсыз").

2.17. "Қанағаттанарлықсыз" (есептелмеген) бағасын алған кезде емтиханды бір пән және (немесе) модуль бойынша бір реттен артық емес қайта тапсыруға жол беріледі.

2.18. Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша үш қанағаттанарлықсыз бағалары бар білім алушылар колледждің бас директорының бұйрығымен педагогикалық кеңестің шешімі бойынша колледжден шығарылады, оған белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

2.19. Белгілі бір курстың оқу жоспарының талаптарын толық орындаған, аралық аттестаттаудың барлық сынақтары мен емтихандарын сәтті тапсырған білім алушылар колледждің Бас директорының бұйрығымен келесі курсқа ауыстырылады.

2.20. Аралық аттестаттауға шығарылмайтын пәндер бойынша қорытынды бағаларды ағымдағы үлгерімді бақылау бағалары негізінде курс аяқталғаннан кейін оқытушылар қояды.

2.21. Колледж бас директорының бұйрығымен ағымдағы оқу сабақтарынан босатылмай, аралық аттестаттау емтихандарын мерзімінен бұрын тапсыруға "өте жақсы" деген бағамен ағымдағы

семестрдің пәндері және (немесе) модульдері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес зертханалық, практикалық, сынақтарды орындаған үлгерімі бар білім алушылар жіберіледі.

3. Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу

3.1 Колледж білім алушыларын қорытынды аттестаттау арнайы пәндер бойынша қорытынды емтихандарды тапсыруды қамтиды.

3.2. Колледжде білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу үшін колледж бас директорының бұйрығымен қорытынды аттестаттау комиссиясы құрылады.

Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы медициналық мекемелердің білікті мамандары, арнайы пән оқытушылары қатарынан оқу орнының алқалы басқару органдарының өкілдері қатарынан жұмыс берушілер өкілдерінің 65% - ы және колледж өкілдерінің 35% - ы, комиссия хатшысын қоса алғанда дауыс беру құқығынсыз қалыптастырылады.

3.3. Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы медициналық мекемелердің білікті мамандары, арнайы пән оқытушылары қатарынан, оқу орнының алқалы басқару органдарының өкілдері қатарынан, жұмыс берушілер өкілдерінің 65% - ы және колледж өкілдерінің 35% - ы, комиссия хатшысын қоса алғанда дауыс беру құқығынсыз қалыптастырылады.

3.4. Комиссия қорытынды аттестаттау өткізілгенге дейін кемінде бір ай бұрын қорытынды аттестаттау кезеңіне құрылады.

3.5. Комиссия анықтайды:

- 1) білім алушылардың теориялық және практикалық даярлық деңгейінің техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің белгіленген білім беру бағдарламасына сәйкестігі;
- 2) өндірістік оқыту, арнайы пәндер бойынша білім алушылардың білімінің, іскерлігі мен практикалық дағдыларының нақты деңгейі және (немесе) кәсіптік модульдерге, олардың кәсіптер (мамандықтар) бойынша оқу бағдарламалары мен біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкестігі.

3.6. Комиссия отырыстарының ұзақтығы күніне 6 сағаттан аспауға тиіс.

3.7. Колледжде білім алушыларды қорытынды аттестаттау техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында айқындалған нысанда оқу процесінің кестесінде және жұмыс оқу жоспарларында көзделген мерзімдерде жүргізіледі.

3.8. Комиссияға келесі материалдар мен құжаттар ұсынылады:

- 1) мамандығы бойынша оқу жұмыс жоспары;
- 2) колледж басшысының білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу туралы бұйрығы;
- 3) білім алушылардың қорытынды бағаларының жиынтық ведомостары;
- 4) емтихан билеттерінің жиынтығы және оқу бағдарламасына сәйкес қорытынды емтихандарға шығарылатын мәселелердің тізбесі;
- 5) білім алушының денсаулық жағдайы бойынша қорытынды аттестаттау мерзімдерін ауыстыруға құқығын растайтын құжаттар.

3.9. Колледж білім алушыларын қорытынды аттестаттау арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандарды тапсыру нысанында жүргізіледі.

Пәндер бойынша қорытынды емтихандар оқу бағдарламаларына сәйкес мынадай нысандарда: ауызша, жазбаша, бірнеше арнайы пәндер және (немесе) кәсіптік модульдер сұрақтарын қамтитын кешенді емтихандар нысанында өткізіледі.